

# АҒЫЛШЫН КЕЛІСІМШАРТ ҚҰҚЫҒЫ

Жалған мәлімдеме





Кітап: Ағылшын келісімшарт құқығы

Дәріс: Жалған мәлімдеме

Дәріс авторы: Байсакалова Мадина

Прецеденттік құқықтағы жария тәртіп доктринасы өте консервативті және салыстырмалы түрде қатаң шеңберде әрекет етеді. Лорд Halsbury соттар «мемлекеттің жария тәртібінің жаңа тәртібін» ойлап таба алмайды деп пайымдады Jansonның Driefontein Consolidated Mines Ltd [1902] компаниясына қарсы ісінде. Алайда, мұндай шектеу тәсілі жаппай қабылданбады. Соттар қоғамдағы өзгермелі әлеуметтік және моральдық құндылықтарды ескере отырып, ол доктринаны түрлі жағдайларды бейімдеп қолдануды жөн көрді.

Соттар жария тәртіп доктринасын дәстүрлі түрде қолданылған келісімшарттардың шегінен тыс көп кеңейтпесе де, жария тәртіп доктринасы ағылшын құқығындағы «заңсыз ықпал ету» немесе «тараптардың теңсіздігі» туралы істерде қолданылады.

## Некелесуге ықпал ету

(i) Жеңгетайлық жасап, өзгелерді некелестіруді (marriage brokerage) көздейтін келісім жария тәртіпке қайшы, оның міндетті заңдық күші жоқ.

(ii) Төмендегідей қызмет түрлері мен келісімдерге тыйым салынбаған: неке агенттігі қызметі ('dating agency' services), мүлікке немесе қаржы мәселелеріне қатысты некелесуге дейін (ante-nuptial) және некелесуден кейін (post-nuptial) жасалатын келісімдер (ажырасқан жағдайда қолданылады).

(iii) Адамның некелесу құқығын шектейтін келісім жария тәртіпке қайшы, оның міндетті заңдық күші жоқ.

Мысалы, Херманның Чарльзвортқа қарсы ісінде (Hermann V. Charlesworth) (1905) жеңгетайлық жасап, өзгелерді некелестіру туралы келісім (ақылы негізде болашақ жұбай тауып беру туралы келісім) жария тәртіпке қайшы деп танылды. Көнерген болып көрінгеніне қарамастан, бұл құқықтық ереже әлі күшінде. Дегенмен бұл ереже неке агенттігі қызметіне тыйым салмайды, сондықтан да мұндай қызмет түрлері заңға қайшы емес.

***Келісуші тарап өзіне жеке бас бостандығын мүлде негізсіз шектейтіндей міндеттеме алса, мұндай келісім жария тәртіпке қайшы болады, оның міндетті заңдық күші болмайды.***

Жеке бас бостандығын негізсіз шектеу. Басқа тараптың (басқа тұлғаның) құлдығында болу туралы келісім жария тәртіпке қайшы: жас иммигрантты құлдыққа салып, қанаған сұмдық жайттың мән-жайын мына істен қарап білсеңіз болады: Хоунганың Алленге қарсы ісі (2014).

Қарыз алған тарап өзіне қарыз берген тараптың толық немесе үстем бақылауына өтіп, экономикалық құлдық күйіне түсетін болса, мұндай қарыз жария тәртіпке қайшы болады, оның міндетті заңдық күші болмайды.

Қаржылық құлдық. Хорвудтың Millar's Timber and Trading Co Ltd компаниясына қарсы ісі (1916): қарыз алған тарап, Баньян, қарызды толық өтеп болмайынша, өзінің бүкіл табысын қарызды өтеуге жұмсауға, бұған қоса, басқа жұмысқа орналаспауға және қарыз берген тараптың рұқсатынсыз үйін көшірмеуге келісім берген. Судья Лаш және судья Санки шығарған шешімге сай, аталған шектеулер адамның күн көру үшін табыс табу және осыған орай өзінің тұрғылықты жерін ауыстыру бостандығын қорғауды көздейтін ортақ құқық қағидаларын бұзған. Сондықтан берілген қарыз заңсыз болып танылды.

## Дұшпанмен сауда жасау

***Дұшпанмен сауда жасау туралы келісімшарттар жария тәртіпке қайшы, олардың міндетті заңдық күші жоқ.***

Жалпы құқық пен заңдарға сай, дұшпанмен сауда жасау туралы келісімшарттар жария тәртіпке қайшы. Дұшпан елдермен сауда жасау туралы 1939 жылғы заңда (Trading with the Enemy Act 1939 (as amended)) «дұшпан» ұғымына анықтама берілген.

## Парақорлық және сыбайлас жемқорлық

Парақорлыққа қарсы іс-қимыл туралы 2010 жылғы заңда парақорлыққа, соның ішінде шетелдік лауазымды тұлғаларды параға сатып алуға жол беретін келісімдерге қатысты құқық бұзушылық түрлері айқындалған. Мұндай келісімдер жарамсыз, олардың міндетті заңдық күші жоқ.



Кітап: Ағылшын келісімшарт құқығы


Дәріс: Жалған мәлімдеме

Дәріс авторы: Байсакалова Мадина

## Парақорлыққа қарсы заңдар.

Парақорлыққа қарсы іс-қимыл туралы 2010 жылғы заңда қандай да бір қызметті (мемлекеттік қызметтерді ғана емес) «лайықты түрде атқармау» үшін, қисынға қайшы болса да, пара ұсыну, беру, талап ету немесе алуға қатысты құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік қарастырылған. Сонымен қатар 2010 жылғы заңда шетелдік лауазымды тұлғаларға пара беру мәселесі қарастырылып, шетел әдет-ғұрыптарына қатысты жайттар айқындалған.

Осы проблемаға қатысты нормативтік актілер Парақорлыққа қарсы іс-қимыл туралы 2010 жылғы заңға



дейін де болған.

Мемлекеттік қызметкерлердің сыбайлас жемқорлығына жол беретін келісімшарт жария тәртіпке қайшы, оның міндетті заңдық күші жоқ.

Мемлекеттік органдарды алдау немесе жаңылыстыру туралы келісімдер жария тәртіпке қайшы, олардың міндетті заңдық күші жоқ.

## Сот төрелігіне кедергі келтіру

*Жалған куәлік етуге ықпал жасау немесе айғақтарды жасыру, немесе арбитраж немесе мемлекеттік не жеке шешім қабылдау процесіне ықпал көрсету мақсатымен жасалған келісім жария тәртіпке қайшы, оның міндетті заңдық күші жоқ.*

Жалған куәлік етуге ықпал жасау немесе айғақтарды жасыру, немесе алқабиге не арбитраж қысым көрсету мақсатымен жасалған келісім – аталған ережені бұзған келісім болып танылады. Бұл ереже, атап айтқанда, алқабиге, сотқа, арнайы юрисдикция сотына, судьяға, сот қызметкерлеріне, сот приставтарына, арбитражгерге, өкілетті мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне немесе медиаторларға орынсыз қысым көрсету мақсатымен жасалған (жасалатын) келісімнің барлық түрлерін қамтиды.

## Сот ісінің табысты аяқталуымен байланысты артықшылықтар

Сот ісінің ойдағыдай аяқталуына қаржылай үлес қосу немесе аяқталуына талап қатысты пайданы (залалды өтеу т.б.) бөлісу туралы келісімдер жария тәртіпке қайшы, олардың ортақ құқыққа сай міндетті заңдық күші жоқ. Дегенмен *азаматтық іс жүргізетін адвокаттардың «сотта жеңіске жетпесе, ақы алмайтыны» (no-win-no-fee basis) қарастырылған кейбір келісімдер заңға сай болып танылады.*

Соттар және заң қызметтері туралы 1990 жылғы заңда (өзгертулер мен толықтырулар енгізілген) (Courts and Legal Services Act 1990 (as amended) адвокаттардың істі «сотта жеңіске жетпесек, ақы алмаймыз» (no-win-no-fee basis) деп келісім жасасуына рұқсат етілген. Осының негізінде мүдделі тараптар: (a) 1995 жылдан бері шартты гонорар туралы келісімдер (ШГК, ағыл. conditional fee agreements); (b) 2013 жылғы сәуірден бері залалды өтеу сомасынан төленетін гонорар туралы келісімдер (ЗСТК, ағыл. damages based agreements) жасасу мүмкіндігіне ие болды. Осылайша кез келген клиентке адвокатпен азаматтық іс немесе арбитражда қаралатын іс бойынша заң қызметтерін көрсету туралы келісімшарт жасасып, адвокатқа қызмет ақысын іс клиенттің пайдасына шешілгенде ғана төлеуге рұқсат берілген.

Алайда, тиісті заң талаптары орындалмаса, осы аталған келісімнің екеуі де (ШГК және ЗСТК) жария тәртіпке қайшы, яғни ортақ құқық бойынша жарамсыз болып танылады.

*Жеке тұлғаның заңды түрде сауда жасау, қандай да бір кәсіппен айналысу немесе басқа да пайдалы экономикалық қызмет атқару мүмкіндігіне негізсіз кедергі келтіретін келісім жария тәртіпке қайшы, оның міндетті заңдық күші жоқ.* Мысалы, еңбек шарттарында (аталған доктрина басқа да қауымдастық формаларын қамтуы мүмкін) қызметтен кеткен жұмысшы (бұрынғы жұмысшы) бұрынғы жұмыс берушісінің сауда құпиясын немесе құпия ақпаратын пайдаланбайды, немесе кредиторға жұмыс істеген кезде алған байланыс ақпаратын қолданып, оның клиенттерін өзіне тартпайды деген талап қойылуы мүмкін (мұндай ресми шарттың шектеуші талаптарын орындау міндетінен жұмысшы қызметтен негізсіз шығарылған жағдайда ғана босатылады).

Esso Petroleum Co Ltd компаниясының Harper's Garage (Stourport) Ltd компаниясына қарсы ісін (1968)



Кітап: Ағылшын келісімшарт құқығы

Дәріс: Жалған мәлімдеме

Дәріс авторы: Байсакалова Мадина

қараған Лордтар Палатасы 21 жыл мерзімге жасалған эксклюзивтік келісімнің (solus agreement) күшін жойды. Аталмыш келісім бойынша, бензин сататын тарап (бензин сатылатын жердің иесі) бензинді тек Esso компаниясынан ғана алуға міндеттенген. Есесіне, сатушы тарап бензинді арзан көтерме бағамен сатып алатын болды. Дегенмен осы аталған сот ісі бойынша шығарылған шешімге сай, төрт жыл мерзімге жасалған эксклюзивтік келісім жарамды деп танылды: бензин жеткізуші компания аталған мерзім ішінде бензинді сатушыларға тұрақты түрде үзбей жеткізіп тұруға деген мүддесін қорғауға құқылы деп танылды.

***Сауданы шектеу доктринасына сүйеніп, жасалған келісімді толықтай, оның жекелеген ережелерін немесе ереженің бір бөлігін («бөліп алу» процесі көмегімен, ағыл. severance) жарамсыз деп тануға болады, өзгерген ереженің қалған бөлігі күшін сақтайды.***

Келісімшарттардың заңға немесе жария тәртіпке қайшы болуының салдары

(i) Келісуші тараптардың ешқайсысы мына төмендегі жағдайларда келісімшарт бойынша сотқа шағымдана алмайды:

(a) келісімшартқа айқын түрде немесе тұспалданған түрде заңмен тыйым салынғанда; жасалған мәміле қылмыс немесе басқа да (өрескел) азаматтық құқық бұзушылық жасауды көздегендіктен, келісімшарт заңсыз, яғни оның міндетті заңдық күші болмағанда.

(ii) Дегенмен мынадай жағдайларда келісімшарт бойынша арыз беріп, оны заң бойынша мәжбүрлі түрде орындатуға болады:

(a) талап арыз берген тарап жауапкер тараптың келісімшартты заңсыз түрде орындайтынын білмегенде және сол заңсыз әрекетке қатыспағанда; немесе

(b) талап арыз берген тарап келісімшартты орындау барысында қасақана емес заңсыз әрекетке жол бергенде.

(iii) Негізгі келісімшарт заңға немесе жария тәртіпке қайшы болғанына, яғни оның міндетті заңдық күші болмағанына қарамастан, (негізгі келісімшарттан туындамаған) келесі талап арыздарды беруге болады: алаяқтық түріндегі деликт (tort of deceit) бойынша талап арыз; немесе акцессорлық келісімшартты (collateral contract) бұзуға қатысты талап арыз.

(iv) Иелену құқығының (меншік құқығынан (proprietary title) өзгеше) заңға қайшы келісімшартқа сай алынғаны меншік иесінің мүлікті қайтарып алуына кедергі бола алмайды (мәселе тауарға қатысты болса, оны басқа тараптың заңсыз иеленгені үшін компенсация (damages for conversion) талап етуге болады).

(v) Мүлікке меншік құқығы заңға қайшы келісімшарт бойынша басқа тарапқа өтуі мүмкін.

(vi) Арнайы юрисдикция соты жасалған мәміленің заңға қайшы бөлігін алып тастап, заңға сай бөлігінің күшін сақтау туралы шешім шығаруы мүмкін.

(vii) Тараптар жасасқан мәміленің заңға қайшы екені істі қарау барысында кездейсоқ белгілі болғанына қарамастан, арнайы юрисдикция соты мұндай мәмілені жарамды деп танудан бас тартуға тиіс.

## **Заңсыздық: реституция және негізсіз баю мәселелері**

Көрсетілген қызметтерге (quantum meruit) немесе жеткізілген тауарларға (quantum valebat), немесе төленген ақшаны қайтарып алуға (болған және алған ақшаға қатысты талап арыз) қатысты реституциялық құқықтық қорғау құралдарын мына төмендегі тараптарға қолдануға болады:

(a) заңсыз әрекеттерден қорғау ережесі қолданылатын жеке тұлғалар санатына жататындар; немесе

(b) мәміленің заңсыз түрде іске асқанынан хабардар болмағандар; немесе

(c) жалған мәлімдемеге сеніп, келісімшарт жасасқандар;

(d) мәжбүрлі түрде келісімшарт жасасқандар;

(e) мәміленің көздеген мақсаты іске аспай тұрғанда реституция талап еткендер.

Құқықтық мәселелер жөніндегі комиссия жауапкер тараптың негізсіз баюына жол бермеу үшін қолданылатын реституциялық құқықтық қорғау құралдарын жан-жақты айқындап берген.

Келісімшарт заңсыз болған жағдайда, жауапкер тарап ең алдымен prima facie арыз беруші тараптың реституциялық талабына жауап ретінде өзін заңсыз әрекеттен қорғауды талап ете алады.

Мына төмендегі тараптар төлеген ақшасын қайтарып ала алады немесе жеткізілген тауарлар не көрсетілген қызметтер бойынша өзіне компенсация талап ете алады:

(a) заңсыз әрекеттерден қорғау ережесі қолданылатын жеке тұлғалар санатына жататындар (реституция талап етушілер); немесе

(b) мәміленің заңсыз түрде іске асқанынан хабардар болмағандар (төмендегі мәтінді қараңыз); немесе

(c) жалған деректер берген немесе заң талаптары туралы жалған мәлімдеме жасаған (заң талаптары



Кітап: Ағылшын келісімшарт құқығы

Дәріс: Жалған мәлімдеме

Дәріс авторы: Байсакалова Мадина

туралы қасақана емес жалған мәлімдеме жасаған) жауапкердің ықпалымен келісімшарт жасасқан талап арыз берушілер; немесе

(d) жауапкер мәжбүрлеп келісімшарт жасатқан талап арыз берушілер; немесе

(e) мәміленің көздеген мақсаты іске аспай тұрғанда реституция талап еткендер.

## Заңсыздық және жария тәртіп: шетелдік арбитраждық соттың шешімдерін орындау

(i) Шетел арбитраждық сотының шешімдерін тану немесе орындауға келгенде, ағылшын соттары заңнамалық актілерде қамтылмаған жария тәртіп нормаларына қатысты мәселелер бойынша шектеулі ұстанымды басшылыққа алады: мұнда заңсыз әрекетке тән элемент болуға тиіс, сот шешімін орындаған жағдайда қоғам игілігіне нұқсан келетіні немесе қисынды әрекет ететін әрі хабардар қоғам мүшесінің құқықтарына нұқсан келетіні айқын болуға тиіс.



(ii) Сот жария тәртіптің бұзылғанына өте сенімді дәлел келтіруді талап етеді. Атап айтқанда, қандай да бір тарапта мәселені арбитраждық сотта қарауды талап ету мүмкіндігі болғанда, шетелдік арбитраждық соттың тиісті шешімі қасақана жалған айғақ беру нәтижесінде шығарылды деп айып тағу қиынға соғады.

(iii) Заңсыз әрекеттерге жол беретін және Англияның жария тәртібіне қайшы келетін шешімдер заң бойынша мәжбүрлі түрде орындатуға жатпайды.

(iv) Тараптар жасасқан мәміленің заңға қайшы екені істі қарау барысында кездейсоқ белгілі болғанына қарамастан, сот мұндай мәміле бойынша шығарылған шешімді келісімшартқа сай жарамды деп танудан бас тартады.

(v) Шетелдік арбитраждық сот шығарған шешім ағылшын құқығымен реттелетін мәмілеге негізделген немесе мәміле Англияда іске асырылатын болса, ағылшын соттары Англияның жария тәртібіне қайшы келетін шешімдерді заң бойынша мәжбүрлі түрде орындатудан бас тартады.

(vi) Англияның жария тәртібін емес, шет мемлекетінің жария тәртібін бұзатын шетелдік арбитраждық сот шешімі заң бойынша мәжбүрлі түрде орындауға жатады.

(vii) Ағылшын соттары, әдетте, жасалған мәмілеге қатысты заң талаптарына сай жария тәртіптің бұзылмағаны анықталған жағдайда, шетелдік арбитраждық сот шешімін заң бойынша (мәмілені іске асыру үшінші бір ел юрисдикциясында заңсыз әрекетке немесе жария тәртіптің бұзылуына жол беретініне қарамастан) мәжбүрлі түрде орындату туралы шешім шығарады.

(viii) Ағылшын соты терроризм, заңсыз есірткі саудасы, жезөкшелік немесе педофилия сияқты өрескел заң бұзушылықтарға жол беретін келісімшартқа қатысты шетелдік сот шешімін (сол шешімге немесе арбитраждық сот тұжырымына сай, тиісті әрекеттің мәмілені реттейтін заңға немесе мәміле іске асырылатын елдің заңдарына сай, сондай-ақ жария тәртіпке қайшы емес екеніне қарамастан) жарамды деп таппайды.

(ix) Арбитраждық сот шешімін заң бойынша мәжбүрлі түрде орындатудан бас тартқан ағылшын соттары шетелдік арбитраждық сот шешімінің күшін жоя алады немесе сол шешімді орындауды тоқтата алады (бұл шешім үнемі негізді болмауы мүмкін).

(x) Нью-Йорк конвенциясына сай (New York Convention, 1958), істің шетел сотында қаралатыны ағылшын сотының тиісті шешім шығарып, оны мәжбүрлі түрде орындатуына кедергі бола алмайды.

Мысалы, Deutsche Schachtbau-und Tiefbohrgesellschaft mbH компаниясының Ras Al-Khaimah National Oil Co компаниясына қарсы ісін (1990) қараған Апелляциялық сот төрағасы сэр Джон Дональдсон: «Жария тәртіпке қатысты мәселелерді толық тізіп көрсету мүмкін емес, сонда да оларды өте мұқият қарау керек» – деген.

Англияның жария тәртібіне қайшы келмейтін сот шешімі. Мысалға, Westacre ісін (2000) қараған лорд-судья Уоллер былай деді: «Шетелде орындалатын қандай да бір келісімшарттың шет елдің ішкі жария тәртібіне қайшы болатыны айқын болса, онда мұндай келісімшарт Англияның ішкі жария тәртібіне қайшы болған жағдайда ғана мәжбүрлі түрде орындатуға жатпайды».



## Шетел сотының тәуелсіз болмауы

(i) Шетел сотының ішкі арбитраждық сот шешімінің (сол шетел юрисдикциясында шығарылған және тиісті шетел соты ережелерімен реттелетін шешім) күшін жоюы (күшін жою туралы осындай шешім Англияның шетел соттарының шешімдерін тану ережелеріне қайшы келген жағдайда) ағылшын сотының аталған даулы шешімді танудан немесе мәжбүрлі түрде орындатудан бас тартуына негіз бола алмайды.

(ii) Шетел сотының ішкі арбитраждық сот шешімінің күшін жою туралы істі ағылшын соттары қарайтын болса, ол соттар үшінші ел юрисдикциясында қабылданған шешімдерді басшылыққа алуға міндетті емес.

Мысалы, ЮКОС ісі бойынша сот процесі: Ресей соты Ресейдегі төрт (арбитраждық) сот шешімінің күшін жойған. Алайда, аталған шешімдерді мәжбүрлі түрде орындату мәселесі Нидерланд соттарында қаралған кезде, (Амстердамның апелляциялық соты) жоғарыда аталған шешімнің күшін жойған Ресей соты іс жүзінде өз қызметінде тәуелсіз болмаған деп шешті. Нидерланд соттары Ресей арбитраждық соттарының шешімдерін мәжбүрлі түрде орындатуға болады деген шешім шығарды. Негізгі сома (425 млн АҚШ доллары) төленді. Бұл іс 160 млн АҚШ доллары көлеміндегі пайыздық мөлшерлеме сомасын өндіріп алу мақсатымен Англия сотында қаралды. Аталған сома – борышкердің сот шешімін кешіктіріп орындауымен (dilatatory satisfaction) байланысты қосымша компенсация.

Англияның Апелляциялық соты ЮКОС ісі (2012) бойынша шығарған шешімге сай, Ресейдегі сот шешімінің оған сырттай қысым көрсету салдарынан заңдық күшінің бар-жоғы, сондай-ақ сол соттың өз қызметінде әділ әрі тәуелсіз болғаны-болмағаны жөніндегі мәселе Амстердамның апелляциялық сотында қаралып шешілген (осы ретте аталған соттың Нидерланд жария тәртібіне сай тиісті тексеру әдісін қолданғанын атап өту керек). Сондықтан Англия соты дәл сол мәселені емес, басқа мәселені қараған; ағылшын сотына Англияның жария тәртібіне сай дербес және жаңа тексеру әдісін қолдануға тура келді.

Англияның Апелляциялық соты ЮКОС ісіне (2012) қатысты қолданған ұстанымы ұтымды көрінеді. Англия сотының іс жүзінде шетел сотының өз қызметінде әділ әрі тәуелсіз болғанын-болмағанын тексеру жауапкершілігінен бас тартып, оның орнына үшінші елде бұрын шешімі шыққан мәселе бойынша наразылықты қабылдамау (issue estoppel) қағидасына сүйенуі қиын, шын мәнінде болмайтын жағдайға әкеп соқтыратын еді.

## Қолданылған әдебиеттер:

1. RA Buckley, *Illegality and Public Policy* (3rd edn, London, 2013), 6.14 to 6.19;
2. RA Buckley, *Illegality and Public Policy* (3rd edn, London, 2013), 15.05;
3. RA Buckley, *Illegality and Public Policy* (3rd edn, London, 2013), 10.14 ff;
4. RA Buckley, *Illegality and Public Policy* (3rd edn, London, 2013), chapter 7;
5. Chitty on Contracts (32nd edn, 2015), 16-035 ff
6. RA Buckley, *Illegality and Public Policy* (3rd edn, London, 2013), chapter 9
7. Andrews on Civil Processes (Cambridge, 2013), volume 1, chapter 20
8. Heydon, *The Restraint of Trade Doctrine* (3rd edn, Chatswood, 2009); MJ Trebilcock, *The Common Law of Restraint of Trade – A Legal and Economic Analysis* (Toronto, 1986); S Smith, 'Reconstructing Restraint of Trade' (1995) 15 *OxJLS* 565;
9. Proposition (ii): RA Buckley, *Illegality and Public Policy* (3rd edn, London, 2013), 4.03
10. Proposition (iv): RA Buckley, *Illegality and Public Policy* (3rd edn, London, 2013), chapter 16
11. Proposition (v): RA Buckley, *Illegality and Public Policy* (3rd edn, London, 2013), chapter 16
12. Proposition (vi): RA Buckley, *Illegality and Public Policy* (3rd edn, London, 2013), chapter 19
13. Goff and Jones, *The Law of Unjust Enrichment* (8th edn, London, 2011), chapters 25 and 35; RA Buckley, *Illegality and Public Policy* (3rd edn, London, 2013), chapter 17
14. Proposition (ii)(d): RA Buckley, *Illegality and Public Policy* (3rd edn, London, 2013), chapter 18
15. RA Buckley, *Illegality and Public Policy* (3rd edn, London, 2013), 10.02 ff; N Andrews, 'Fundamentals of International Commercial Arbitration: English Developments' (2015) *Lis International (Italy)* 29-36 OR (2015) 241 *Revista de Processo* 569-587 (Brazil) OR (2014) 19 *ZZP Int* 320 (Germany); N Andrews and F Yang, 'Fundamentals of International Commercial Arbitration: English and Hong Kong Developments' (2015) *Asian Dispute Review* 122